



Соғыс жауынгері Тұрсынбай Тәуірбаевтың балалары мен немерелері үшін 9 мамыр – айрықша күн. Майдангер аталарының көзі тірісінде дәл осы күні бәрі жиналып, жеңіс күнімен құттықтайтын. Сосын соғыс жайлы әңгімесіне құлақ түрер еді. Қазір қарт майдангердің көзі кетсе де, ұрпақтары сол қалыптасқан дәстүрмен аталарын құрметпен еске алады.

ша бораған жау оғынан аман-сау қалып, 1946 жылы елге оралады. Жүдеп-жадаған елдің өл-ауқатын көтеруге бірден кіріседі. Сол кезде Ақтоғай ауданына қарасты «Екібастұз» кеңшарының 1-бөлімшесіне зоотехник болып орналасады. Кейін сол бөлімшеде алты жыл меңгеруші болып, тұралаған шаруашы-

Фин соғысына да қатысқан жауынгер

Р. МҰСАБАЙ

—Жаны жайсаң, ерекше болмысымен ойымызда сақталып қалған атамыз Тұрсынбай Тәуірбайұлы 1918 жылы наурыз айында Павлодар облысы, ол кезде Баянауыл ауданына қарасты Әлкей Марғұлан ауылында дүниеге келіпті. Бала күнінен көп тауқымет көрсе керек. 1931 жылы елді аштық жайлағанда болашағымыз не болады деп күмәнданған ата-анасы қарындасы Кіштай екеуін Керекудегі балалар үйіне өткізіп, өздері Шығыс Қазақстан облысындағы Риддер руднигіне көшіп кетеді. Атамыз өзінің жасөспірім шағын сол балалар үйінде өткізіпті,—деп еске алады немересі Динара.

Тұрсынбай Тәуірбайұлы 1939 жылы 17 жасында Павлодар зооветеринарлық техникумын бітірісімен әскер қатарына алынады. Алғашқыда Фин соғысына қатысады. Содан өмір мен өлім арпалысқан майдан шебінде жүріп, қар-

лық тасын өрге бастыруға күш салады.

1956 жылы Украинаның Харьков қаласындағы зоотехниктер даярлайтын курсты бітіреді. Сол жылы елге Ресейдің Саратов қаласынан асыл тұқымды көк сиыр тұқымын пойызбен әкеледі. «Өлеңті» кеңшары 2-бөлімшесінің «Көк сиыр» атауы сол кезде өсірілген көк сиырларға байланысты аталып кеткен. Кейін білімді де білікті маман Тұрсынбай Тәуірбайұлы кеңшарға зоотехник болып ауысады. Зейнет жасына жеткен соң да 9 жыл астық қоймасын меңгеріп, еліне сыйлы азамат атанады.

Жұбайы Мәриям Сыздықова екеуі бес баласын өсіріп, оқытып, жеткізді. Артынан ерген бауырларына да ағалық қамқорлық танытып, аяқтандырды. Тамырын тереңге жіберген мәуелі алып бәйтеректей артына балалары мен немерелерін қалдырған Тұрсынбай Тәуірбайұлы сексен жасында өзі іргетасын қаласып, діңгегі болған Өлеңті ауылында көз жұмды.

